



## Қара қобыздың киесі



Есенғабыл бақсы XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген. Шежіре деректеріне қарағанда, ол Балабақсының ұрпағы болып саналады. Нақтырақ айтқанда, бақсы Қақсал руының ішіндегі Жамбол, соның Көшкінбайынан тарайды. Оның алдында ғұмыр кешкен Тойғұлы бақсы өзінің қара қобзын Есенғабыл бақсыға беріп кеткен деген сөз бар ел арасында. Ауру-сырқат адамдарды емдеп жазатын қасиетті қобыз 150 жылдан астам уақыт сынына бүлінбей XXI ғасырға аман жетіп отыр.

– Менің әкем Қорғаш Қылышбайұлы 1922 жылы туған. Ал осы қобыздың иесі бақсы Есенғабыл Қорғаштың туған нағашы атасы еді. Бақсының Күмісей, Күмісжан, Алтыншаш, Кәуден деген төрт қызы, Бұғыбай есімді жалғыз ұлы болған. Осылардың ең кенжесі Кәуден Қылышбай Жүсіпұлы деген кісіге тұрмысқа шығады. Одан менің әкем туады. Біз атағы алысқа жеткен бақсының әулетімен осылай туысамыз. Қара қобыздың әкемнің қолына түсуінің ұзақ тарихы бар, – деді Әділхан аға.

Қақ-соқпен ісі жоқ, қара қобызын көтеріп, ел арасындағы ауру-науқас адамдарды жазып, емдеп жүретін момын Есенғабыл 1922 жылдарға дейін өмір сүрген. Тек ақ пен қызыл шабысып, кейін жаңа өкімет орнаған кезеңдерде елдің басына шолақ белсенділер камшы үйіре бастайды. Арғы тегінде билік, төрелік айту дәстүрі жоқ, тақыр жерден өнген жабайы шөп секілді әсіреқызыл белсенділер қаулап шығып, момын елдің басына әңгір-таяқ салуды әдетке айналдырады. Сондай қиын-қыстау тұста жасы кеп қалған Есенғабылға о дүниенің қақпасы қағылады. Ол баласы Бұғыбайды шақырып алып: – Қарағым, мен мына жарық дүниемен қоштасқалы жатырмын. Аруақты ата-бабаларым шақырып мазалап жүр. Кеше әкем келіп жетелеп алып кетті. Тек бүгін сені қимай келдім. Мына қара қобызым... Мен өлгенде бұл қобызды өзіммен бірге көмдір, ауыртпалығы сендерде қалмасын, – деген ақтық сөзін айтып үлгереді.

### **Бақсы ұрпағының қуғындалуы**

Алайда бұл өсиет уақытында орындалмай қалады. Нағыз тозақ алда тұр еді. Әулеттің басына төнген нәубеттің қара бұлты 1937 жылдарға келгенде қатты үйіріледі. Кешегі «...Байларды, молданы қойдай қу қамшымен» деп ән салып, шеру тартып жүрген кез өтті делінгенімен, оның суық ызғары әлі де тарқамаған. Ауылдағы қатардағы сауатты мұғалімнен бастап биліктің ең жоғарғы сатысындағы үкімет бастығына дейінгі аралықты түгел жалмаған репрессия зардабы бақсы Есенғабылдың отбасын айналып өтпеді. «Бақсының баласы» деп ең әуелі Бұғыбайды ұстап әкетеді. Олардың іздегені бұл емес, қара қобыз болатын, оны қанша іздесе де, қанша жерден қараса да таба алмайды. Сүркейлі күндердің бірінде жойдасыз жосын жағдайдың боларын алдын ала сезген Бұғыбай атадан қалған асыл мұраны Балабек бақсының қолына тапсырады. Алайда көп өтпей ауыл ішіндегі ағайындардың көрсетуімен Балабек те ұсталады. Осылай жансыз қара қобыз бақсылардың қолынан қолына көшеді. Құзырлы органның қаһарлы қызметкерлерін сергелденге түсірген қобызды Балабек ұсталарының алдында Бекіш бақсының үйіне жасырады. «Қобызды тауып бер, сен тығып қойдың» деп түн ішінде Бекішті ұрып-соғып қара машинаға салып алып кетеді. Бұл кезде қобыз Есенғабылдың өз әулетіне, қызы Күмісейге жетіп үлгерген болатын.

Бұдан кейінгі әңгімені Әділхан аға былай жалғады:

– Әкемнің әңгімелеуінше, қобызға қатысты сергелден мұнымен бітпейді. Нағашы апайы Күмісей қобызды үйде жасырын ұстай алмайтынын сезіп, сіңлісі Кәуденді, яғни әкемнің өз шешесін және Ерден есімді жақын туысын шақырып алып ақылдасады. Түн ортасында бас қосқан үшеу қара қобыздың көзін жою керек деп кеңесіп, оны Есілдің суына батырып жібермекке бекінеді. Қол диірменнің үстіңгі бетін әкеп, оған қыл арқанның бір үзігімен қобызды байлап суға тастап жіберіпті. Қобызды суға батырған күн сол істі атқарушы үшеудің есінде жақсы сақталыпты. Кейінгіге сол датаны да жаңылмай айтып та беріп жүрген екен. 1937 жылдың тамыздың он екісі күні қасиетті қобыз Есілдің жылымына сүңгіп кете барған. Ең жақын адамынан айырылғандай күй кешкен олар мұның да соңы жақсылық болмасын сезгендей Күмісей де, Кәуден де Шілікті ауылынан бой тасалайды.

### **Алты жыл су астында**

– Қобыздың су астында болған кездері де өтті. Су астында алты жылдан аса уақыт жатты, – деді әңгімесін жалғастырып Ә.Қорғашұлы. – Әкемнің нағашы апалары ауылдан еріксіз кеткеннен кейін қобыз туралы үшеуден басқа ешкім білмейтін. Жаңағы Ерден деген туысы айдын бетіне қалқып шыққан қобыздың мойнын кездейсоқ көріп қалып, өз көзіне өзі сенбей, жақындап барып алуға дәті шыдамайды. Сол баяғы қара қобыз...

Кешкісін көшіп кетіп ауылға қайта оралған Күмісейге бәрін баяндап жеткізіп беріпті. Күмісей ешкімге білдірместен қобызды үйге алып келді де, ақ дәкеге орап, әбдіренің ішіне салып қойды. Содан жарық дүниені көрмей жарты ғасыр қара әбдіренің ішінде жатты. Бала күнімізде әбдіренің үстіне шығып ойнап кетсек, үлкендер тыйып тастайтын. «Мұның ішінде қасиетті зат бар, үстіне шықпаңдар, басқа жаққа ойнаңдар» деп отыратын. Қобыз осылайша 1943 жылдың көктемінен екінші рет жарық жалғанды көре бастайды. Алайда қара тұңғықтың астынан аман шыққанымен, қара құлыптың аңдуында қалуға мәжбүр. Ақ шүберекке оралып әбдіреге салынған қобызды Күмісей апа жиені Қорғашқа 1947 жылы тапсырады. Қорғаш – біз әңгімелесіп отырған Әділхан Қылышбаевтың әкесі.

### **Қызғыштай қорыған Қорғаш**

Қара қобыздың қалай қолына түскенін Астрахан аудандық газетінде ұзақ жылдар қызмет істеген Сейітжан Садаутегіне берген сұхбатында Қорғаш Қылышбайұлы былай деп еске алады:

«Бір күні Күмісей апамыз маған хабаршы жіберіп, «Мен қатты сырқаттанып қалдым, келіп кетсін, тапсыратын аманатым бар еді» депті. Мен ол кезде бұл қобыз туралы түк те білмеймін. Әйтеуір Күмісей апайдың маған туған нағашы екеніне күмән жоқ. Келдім.

Нағашы апайым төсек тартып жатып қалған екен, мені көріп басын көтеріп амандасты. Шай ішіліп болғаннан кейін Күмісей:

– Мә, мынамен ана қара әбдірені аш. Соның ішінде сенің туған нағашың Есенғабылдың қара қобызы ақ шүберекке ораулы жатыр. Менің халім болса нашарлады, енді оны сақтай алатын емеспін. «Менің аруағым жиендеріме даруы мүмкін» деуші еді. Енді сенен басқа еркек кіндікті ешкім жоқ. Бұл қобыздың аруағы қанша қуатты болса, жолы да сонша ауыр. Заман жаман, ешкімге көрсетпей ұста! – деді. Мен: – Мақұл. Алып кетем. Өзім өлсем, ұрпақтарыма аманат етем, – деп ант бергендей болдым».

Кейін заман тынышталып, бірқалыпты күйге түскенде, нақтырақ айтқанда 1960 жылы сонау Жалманқұлақтан іздеп барып, Есіл өзенінің сол ағысындағы Шілікті ауылынан бес-алты шақырым жердегі ескі қорымға жерленген Есенғабыл нағашысының басын көтереді. Сонда ел жадынан ұмытыла бастаған бақсыға арнап ескерткіш белгі тұрғызады.

### **Жарық дүниеге жолыққан сәт**

Бір басына жетерлік қуғын мен сүргінді кешкен қара қобыз тұтастай жарық дүниеге 1991 жылдан бастап шығады. Егіндікөлдің Жалманқұлақ ауылына барған сапарында халық емшісі М.Досболаева бұрын көрмеген-білмеген Қорғаш ақсақалды оңашалап алып, «Ата, сіздің үйіңізде бір қасиетті зат бар екен. Менің ата аруақтарым хабар берді. Ол жай зат емес екен, рұқсат етсеңіз, үйіңіздегі киелі дүниені көрсем» деген тілегін жеткізеді. Бұған аң-таң қалған ақсақал қапелімде ештеңе айта алмай, емшіні үйіне ертіп әкеп, қобызды көрсетеді. Осыдан бастап қобыз әбдіренің ішінен шығып, ақ дәкеге оралып, қабырғаға ілінеді.

### **Қобыздың қазіргі күйі**

Әділхан аға қобызды ілулі тұрған жерінен бісмілла деп көтеріп, бізге көрсетті. Ақ дәкенің орауын шешіп, үстелге ақырындап қойды, шанағының сырт жағы бірнеше жерінен жарылған екен. Ол тұстарды жұқа қаңылтырмен қаптап, ұсақ шегемен жапсырып қойғаны байқалды. Құлақ бұрауының түпнұсқасы да сақталған, оны бірақ ақ орамалға түйіп, шанақтың ішіне қойған екен. Орнына басқа ағаштан жасап тағыпты. Сылдырмағы өзінікі, бастабында қалай болса, солай тұр, еш өзгермеген. Ал қоңыр тобылғыдан жасалған ысқышын Қорғаш ақсақал кейінгі жылдары ауылдағы бір шеберге істеткен. Ішегінің кейбір қылы үзіліп шашырап жатқаны болмаса, төменгі бөлігі терімен қапталған қобыз негізгі, бар болмысын жақсы сақтаған. Бір жарым ғасыр уақыттың табына шыдаған не деген жансебіл дүние десеңізші!

– Қобыз болғанда оның ішіндегі бала қобызға жатады. Бабамыздың көзі, атамыздың мұрасы. Көзіміздің қарашығындай сақтайық деп ешқайда бермей отырмыз.

Бермеуге хақымыз бар шығар, – деді Әділхан аға сөз соңында. Қара қобызды қызғыштай қорып, үйінде сақтаған Қорғаш ақсақалдың өзі 2001 жылы дүниеден өтті, ұрпақтарына өсиет еткеніндей нағашы атасы Есенғабылдың жанына мәңгілік дамыл тапқан. Ал оның өмірлік жары Әсия апа да 2011 жылы Астанада қайтыс болып, ұрпақтары туған жеріне жамбасын тигізген екен. Олардан туған үш ұл, екі қыздың ұрпақтары Астрахан мен Астананың арасында бақытты күнді кешіп отыр. Құтты қара шаңырақтың иесі және қара қобыздың ендігі ұстары Әділхан жары Алмагүл екеуі Нұржан, Теміржан есімді ұлдарынан келін көріп, немере сүйсек деген тілекте отырғанына көзіміз жетті. Атадан қалған асыл мұраны ардақтап ұстайтын айбоз ұлдар керек қой қашанда. Жаралы қобыздың жан дауысын шығарып тартатын адамы табылса, қанеки!

**Заңғар КӘРІМХАН**